

Алматы қаласы әкімдігінің "Алматы қаласының Білім басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі туралы ережені бекіту туралы" 2024 жылғы 15 мамырдағы № 2/300 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Алматы қаласы әкімдігінің 2026 жылғы 30 сәуірдегі № 2/271 қаулысы

Алматы қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Алматы қаласы әкімдігінің "Алматы қаласының Білім басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі туралы ережені бекіту туралы" 2024 жылғы 15 мамырдағы № 2/300 қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

"Алматы қаласының Білім басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі туралы ережеде":

13-тармақтың 1) тармақшасының жетінші абзацы және 2) тармақшасының бесінші абзацы алынып тасталсын;

14-тармақтың 38) және 39) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"38) арнаулы әлеуметтік қызметтерге мұқтаж балаларды қолдау орталықтарының жұмыс істеуін қамтамасыз етеді;

39) арнаулы әлеуметтік қызметтерге мұқтаж балаларды қолдау орталықтарындағы адамдарға жағдайын қамтамасыз етеді";

14-тармақ 55-1) және 55-2) тармақшаларымен мынадай мазмұнда толықтырылсын:

"55-1) жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды асырауға арналған жәрдемақыларды ай сайын төлеуді, сондай-ақ алушылардың тізбесі көрсетілген, балалардың құқықтарын қорғау жөніндегі уәкілетті орган ұсынатын ресми хаттар негізінде патронаттық тәрбиешілердің, асырап алушысы ата-аналардың және қабылдайтын кәсіби тәрбиешілердің қызметтеріне ақы төлеуді жүзеге асыру;

55-2) кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу, буллингтің және суицидтік мінез-құлықтың алдын алу функцияларын жүзеге асыру, сондай-ақ балаларда айналасындағыларға ізгі ниеттілік, басқаларға құрмет, жауапкершілік, заңға бағынушылық мінез-құлық, әлеуметтік құзыреттілік пен жағымсыз ықпалдарға төзімділік қалыптастыруға бағытталған бағдарламаларды енгізуді және оларды сүйемелдеуді қамтамасыз ету";

2. Алматы қаласының Білім басқармасы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) Алматы қаласының Әділет органдарын құрылтай құжатына енгізілген өзгерістер мен толықтырулар туралы хабардар етуді;

2) осы қаулыны Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасы Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу

құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына ресми жариялау және Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жіберуді қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімі аппаратының басшысына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Алматы қаласының әкімі

Д. Сатыбалды

Алматы қаласы әкімдігінің

2026 жылғы "___" _____

№ _____ қаулысымен бекітілді

"Алматы қаласы Білім басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі туралы ЕРЕЖЕ

1. Жалпы ережелер

1. "Алматы қаласы Білім басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Басқарма) Алматы қаласының аумағында білім беру саласындағы басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. Басқарма өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. Басқарма мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, оның Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген мөрі мен қазақ және орыс тілдерінде өз атауы бар мөртабандары, белгіленген үлгідегі бланкілері, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

4. Басқарма азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

5. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес уәкілеттік берілсе, Басқарма мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқылы.

6. Басқарма өз құзыретіндегі мәселелер бойынша Басқарма басшысының заңнамада белгіленген тәртіппен ресімделетін бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған өзге де актілермен шешімдер қабылдайды.

7. Басқарманың құрылымы мен штат кестесі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бекітіледі.

8. Басқарманың орналасқан жері: 050001, Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Республика алаңы, 4.

9. Осы Ереже Басқарманың құрылтай құжаты болып саналады.

10. Басқарма қызметі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес республикалық және жергілікті бюджеттен қаржыландырылады.

11. Басқарманың өз өкілеттіктері болып саналатын міндеттерін орындау бойынша кәсіпкерлік субъектілерімен шарттық қатынастарға түсуіне тыйым салынады.

Егер Басқармаға Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес кіріс әкелетін қызметпен айналысу құқығы берілсе, онда алынған кіріс егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше көзделмесе, мемлекеттік бюджеттің кірісіне жіберіледі.

2-тарау. Басқарманың міндеттері мен өкілеттіліктері

12. Міндеттері:

1) ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіптік шыңдауға бағытталған сапалы білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау;

2) жеке адамның шығармашылық, рухани және күш-қуат мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, даралықты дамыту үшін жағдай жасау арқылы ой-өрісін байыту;

3) азаматтық пен патриотизмге, өз Отаны - Қазақстан Республикасына сүйіспеншілікке, мемлекеттік рәміздер мен мемлекеттік тілді құрметтеуге, халық дәстүрлерін қастерлеуге, Конституцияға қайшы және қоғамға жат кез келген көріністерге төзбеуге тәрбиелеу;

4) белсенді азаматтық ұстанымы бар жеке адамды тәрбиелеу, республиканың қоғамдық-саяси, экономикалық және мәдени өміріне қатысу қажеттігін, жеке адамның өз құқықтары мен міндеттеріне саналы көзқарасын қалыптастыру;

5) отандық және әлемдік мәдениеттің жетістіктеріне баулу; қазақ халқы мен республиканың басқа да халықтарының тарихын, әдет-ғұрпы мен дәстүрлерін зерделеу; мемлекеттік тілді, орыс, шетел тілдерін меңгерту;

6) педагогтердің әлеуметтік мәртебесін арттыруды қамтамасыз ету;

7) білім беру ұйымдарының еріктілігін, дербестігін кеңейту, білім беру ісін басқаруды демократияландыру;

8) қоғам мен экономиканың қажеттеріне жауап беретін білім беру сапасын бағалаудың ұлттық жүйесінің жұмыс істеуі;

9) оқытудың жаңа технологияларын, оның ішінде кәсіптік білім беру бағдарламаларының қоғам мен еңбек нарығының өзгеріп отыратын қажеттеріне тез бейімделуіне ықпал ететін кредиттік, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды енгізу және тиімді пайдалану;

10) жалпы оқытудың, жұмыс орны бойынша оқытудың және еңбек нарығының қажеттері арасындағы өзара байланысты қамтамасыз ететін және әркімге өзінің білім мен біліктілікке негізделген жеке әлеуетін қоғамда барынша пайдалануға көмектесетін оқыту жүйесін өмір бойы дамыту;

11) білімнің, ғылымның және өндірістің интеграциясы;

12) білім алушылардың кәсіптік ұмтылысын қамтамасыз ету;

13) жұмыс берушілермен және басқа да әлеуметтік әріптестермен белсенді өзара іс-қимыл арқылы техникалық және кәсіптік білім берудің озық қарқынмен дамытылуын қамтамасыз ету;

14) білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жеке ерекшеліктерін ескере отырып, білім алуы үшін арнаулы жағдайлар жасау болып табылады.

13. Өкілеттіліктері:

1) құқықтары:

мемлекеттік органдардан, өзге ұйымдардан және жеке тұлғалардан қажетті құжаттар мен ақпаратты сұрату және алу;

Басқарманың құзыретіне кіретін мәселелер бойынша халықаралық ұйымдармен және шетелдік заңды тұлғалармен келіссөздер жүргізіп, шарт жасасу;

Алматы қаласының әкімдігі мен мәслихаты бекітетін бағдарламаларды әзірлеуге қатысу;

қала әкімдігінің Басқарма құзыретіне жататын қаулыларының, өкімдерінің, актілерінің жобаларын әзірлеу;

білім беру ұйымдарының қызметін зерделеуді ұйымдастыру;

балалардың құқықтарын қорғау мәселелері бойынша шешімдер қабылдау;

балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау мәселелері бойынша уәкілетті органдар мен білім беру ұйымдары арасындағы әлеуметтік әріптестікті дамытуға жәрдемдесу;

балалардың құқықтарын қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру бойынша шығармашылық бастамаларды қолдау мақсатында өңірде меценаттық және қайырымдылық дәстүрлерін дамытуға жәрдемдесу;

ведомстволық бағыныстылығына және меншік нысанына қарамастан балаларды тәрбиелеумен айналысатын барлық ұйымдарға кедергісіз кіру;

Басқармаға жүктелген міндеттерді шешу үшін қаланың басқа мемлекеттік органдары мен ұйымдарынан қажетті ақпарат пен материалдарды сұрату және алу;

Қазақстан Республикасының қолданыстағы нормативтік құқықтық актілеріне өз құзыретіндегі мәселелер бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу бойынша тиісті ұсыныстар енгізу;

балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау мәселелерімен айналысатын халықаралық, үкіметтік емес қоғамдық ұйымдармен қаладағы балалардың жағдайын жақсарту бойынша бірлескен іс-шаралар өткізу;

балалық шақ проблемаларын, балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды қамтитын мәселелер бойынша баспа қызметін жүзеге асыру;

Басқарманың құзыретіне кіретін мәселелер бойынша комиссиялардың, жұмыс топтарының жұмысына, сот отырыстарына қатысу;

Басқарманың құзыретіне кіретін мәселелерді зерделеу үшін ғылыми және өзге де ұйымдарды, сондай-ақ жекелеген ғалымдарды, мамандарды және сарапшыларды белгіленген тәртіппен тарту;

2) міндеттері:

Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы заңнамасын орындау;

мемлекеттік білім беру ұйымдарының құрылымы мен шекті штат санын бекіту;

ведомстволық бағынысты білім беру ұйымдарының материалдық-техникалық базасын дамыту, қаржылай қамтамасыз ету;

педагог қызметкерлерге бірінші, жоғары, педагог-сарапшы, педагог-зерттеуші, педагог-шебер біліктілік санатын беру және бекіту.

14. Функциялары:

1) мектепке дейінгі және мектеп жасындағы балаларды есепке алуды, оларды орта білім алғанға дейінгі оқытуды ұйымдастырады;

2) орта білім беруді, оның ішінде кешкі (ауысымдық) білім беруді және мектеп-интернат үлгісіндегі білім беру арқылы орта білімді ұйымдастырады және қамтамасыз етеді;

3) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім алуды қамтамасыз етеді;

4) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің, балаларға қосымша білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын мемлекеттік білім беру ұйымдарын, сондай-ақ мамандандырылған жалпы білім беретін және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын мемлекеттік білім беру ұйымдарын Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен құрады, қайта ұйымдастырады және таратады;

5) жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру жөніндегі жұмысты ұйымдастыру;

6) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру, ата-ана төлемақысының мөлшері бойынша жұмысты ұйымдастыру;

7) мемлекеттік білім беру ұйымдарында орта білім жөніндегі мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру бойынша жұмысты ұйымдастыру;

8) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру жөніндегі жұмысты ұйымдастыру;

9) тиісті қаржы жылына арналған жергілікті бюджеттерде бекітілген бюджет қаражатының көлемі шегінде балаларға қосымша білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру жөніндегі жұмысты ұйымдастыру;

10) тиісті қаржы жылына арналған жергілікті бюджеттерде бекітілген бюджет қаражатының көлемі шегінде мүмкіндігі шектеулі балаларды арнайы психологиялық-педагогикалық қолдауға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру бойынша жұмысты ұйымдастыру;

11) білім алушылардың ұлттық бірыңғай тестілеуге қатысуын ұйымдастырады;

12) жыл сайын 1 тамызға дейін мемлекеттік орта білім берудің мемлекеттік ұйымдары, сондай-ақ техникалық және кәсіптік білім берудің білім беру бағдарламаларын, мамандандырылған жалпы білім беру және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді сатып алуды және жеткізуді ұйымдастырады;

13) балаларға қосымша білім беруді қамтамасыз етеді;

14) мемлекеттік білім беру ұйымдарының білім алушылары мен тәрбиеленушілеріне мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан, сондай-ақ жан басына шаққандағы орташа табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын отбасылардан және жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға қаржылық және материалдық көмек көрсетуге қаражат жібереді мемлекеттік білім беру ұйымының алқалы басқару органы айқындайтын төтенше жағдайлардың салдарынан шұғыл көмекті талап ететін отбасылардан шыққан балаларға және білім алушылар мен тәрбиеленушілердің өзге де санаттарына бөлінетін бюджет қаражатының жиынтық көлемінің кемінде екі пайызы мөлшерінде шаруашылық жүргізу құқығындағы жалпы білім беретін мектептерді ағымдағы күтіп-ұстауға және мемлекеттік кәсіпорындарда орта білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастырады;

15) мемлекеттік білім беру ұйымдарын (қылмыстық-атқару жүйесінің түзеу мекемелеріндегі білім беру ұйымдарын қоспағанда) және мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарын материалдық-техникалық қамтамасыз етуді жүзеге асырады;

16) арнайы білім беру бағдарламалары бойынша оқытуды қамтамасыз етеді;

17) дарынды балаларды мамандандырылған білім беру ұйымдарында оқытуды қамтамасыз етеді;

18) республикалық маңызы бар қала, астана ауқымында олимпиадаларды, жалпы білім беретін пәндер бойынша ғылыми жобалар конкурсын, орындаушылар конкурстарын және кәсіптік шеберлік конкурстарын ұйымдастыруды және өткізуді қамтамасыз етеді;

19) балалар мен жасөспірімдердің психикалық денсаулығын тексеруді және халыққа психологиялық-медициналық-педагогикалық консультативтік көмек көрсетуді қамтамасыз етеді;

20) дамуында проблемалары бар балалар мен жасөспірімдерді оңалтуды және әлеуметтік ортаға бейімдеуді қамтамасыз етеді;

21) бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылатын мемлекеттік білім беру ұйымдарының кадрларын қайта даярлауды және қызметкерлерінің біліктілігін арттыруды қамтамасыз етеді;

22) жетім балаларды, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды белгіленген тәртіппен мемлекеттік қамтамасыз етуді жүзеге асырады;

23) интернаттық ұйымдарға жатпайтын мектепке дейінгі ұйымдар мен орта білім беру ұйымдарын қоспағанда, білім беру ұйымдарының білім алушылары мен тәрбиеленушілеріне Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте медициналық қызмет көрсетуді ұйымдастырады;

24) Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарын тегін және жеңілдетілген бағамен тамақтандыруды ұйымдастырады;

25) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде бітірген адамдарды жұмысқа орналастыруға жәрдемдеседі;

26) мәслихат талқысына білім алушыларға қоғамдық көлікте (таксиден өзге) жеңілдікпен жол жүруі туралы ұсыныстар енгізеді;

27) мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарына қажетті әдістемелік және консультативтік көмек көрсетеді;

28) білім беру ұйымының үлгілік ішкі жұмыс қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

29) негізгі орта, білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын және техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына білім туралы мемлекеттік үлгідегі құжаттардың бланкілеріне тапсырыс беруді және қамтамасыз етуді ұйымдастырады және олардың пайдаланылуын бақылауды жүзеге асырады;

30) білім беру мониторингісін жүзеге асырады;

31) қамқоршылық кеңестерге көмек көрсетеді;

32) мемлекеттік білім беру ұйымдарын кадрлық қамтамасыз етуді ұйымдастырады;

33) білім беру ұйымдарында психологиялық қызметке әдістемелік басшылықты қамтамасыз етеді;

34) конкурс жеңімпаздары – мемлекеттік орта білім беру ұйымдарына "Ең үздік орта білім беретін ұйым" грантын төлейді;

35) негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарында, мамандандырылған жалпы білім беретін және арнайы оқу бағдарламаларын, сондай-ақ мәдениет және өнер, дене шынықтыру және спорт мамандықтары бойынша техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында экстернат нысанында оқуға рұқсат береді;

36) әдістемелік кабинеттердің материалдық-техникалық базасын қамтамасыз етеді;

37) конкурс жеңімпаздарына – мемлекеттік техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарына "Ең үздік техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымы" грантын төлейді;

38) арнаулы әлеуметтік қызметтерге мұқтаж балаларды қолдау орталықтарының жұмыс істеуін қамтамасыз етеді;

- 39) арнаулы әлеуметтік қызметтерге мұқтаж балаларды қолдау орталықтарындағы адамдарға жағдайын қамтамасыз етеді;
- 40) мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшыларын ротациялауды жүргізу қағидаларына сәйкес мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшыларын ротациялауды жүргізеді;
- 41) жергілікті мемлекеттік басқару мүддесінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады;
- 42) мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшыларын тәртіптік жауапкершілікке тартады;
- 43) Алматы қаласының аумағында білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асырады;
- 44) Қазақстан Республикасының заңнамасымен және білім беру саласындағы уәкілетті органымен айқындалған тәртіпте мемлекеттік білім беру ұйымдарының басшыларын қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;
- 45) облыстың білім беру саласындағы кадр саясатын іске асырады, сондай-ақ білім беру саласындағы уәкілетті органымен айқындаған тәртіпте педагогтерді аттестаттауды, білім беру ұйымдарының басшыларын тағайындау үшін тестілеуді ұйымдастырады;
- 46) балалар мен жасөспірімдерді тексеруді және консультациялық көмек көрсетуді қамтамасыз етеді;
- 47) білім беру саласында мемлекеттік қызметтер көрсетеді;
- 48) әдістемелік кабинеттің материалдық-техникалық базасын қамтамасыз етеді;
- 49) Алматы қаласының білім беру ұйымдарында ерекше білім беру қажеттіліктері бар тұлғалардың (балалардың) білім алуы үшін арнайы жағдайлар жасайды;
- 50) Алматы қаласының тиісті шағын учаскесінің қажеттілігін негізге ала отырып, мемлекеттік білім беру ұйымдарының тарифтеу тізімдерін, штат кестесін, оқу жұмыс жоспарларын, сондай-ақ орта білім беру ұйымдарының сыныптар - жиынтықтарының (топтардың-мектепке дейінгі ұйымдардағы, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарындағы) санын келіседі;
- 51) неғұрлым ерекшеленген білім беру қызметкерлерін көтермелейді, Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте мемлекеттік және ведомстволық наградалармен, жергілікті атқарушы органдардың айырым белгілерімен наградтауға, құрметті атақтар беруге кандидатуралар ұсынады;
- 52) жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарайды;
- 53) петицияларды, жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау;
- 54) өтініштерге талдау жүргізеді және өтініш берушілер көтеретін жүйелі проблемаларды анықтайды;

55) Алматы қаласындағы әлеуметтік объектілерді реконструкциялау, салу және сейсмикалық күшейту жөніндегі жобалау-сметалық құжаттаманы жобалау кезінде Алматы қаласының құрылыс саласындағы уәкілетті органмен келісуді қамтамасыз ету;

55-1) жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды асырауға арналған жәрдемақыларды ай сайын төлеуді, сондай-ақ алушылардың тізбесі көрсетілген, балалардың құқықтарын қорғау жөніндегі уәкілетті орган ұсынатын ресми хаттар негізінде патронаттық тәрбиешілердің, асырап алушысы ата-аналардың және қабылдайтын кәсіби тәрбиешілердің қызметтеріне ақы төлеуді жүзеге асыру;

55-2) кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу, буллингтің және суицидтік мінез-құлықтың алдын алу функцияларын жүзеге асыру, сондай-ақ балаларда айналасындағыларға ізгі ниеттілік, басқаларға құрмет, жауапкершілік, заңға бағынушылық мінез-құлық, әлеуметтік құзыреттілік пен жағымсыз ықпалдарға төзімділік қалыптастыруға бағытталған бағдарламаларды енгізуді және оларды сүйемелдеуді қамтамасыз ету;

56) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Алматы қаласының әкімі "Алматы қаласының білім басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне жүктеген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

3-тарау. Басқарма басшысының мәртебесі, өкілеттіліктері

15. Басқармаға басшылықты басшы жүзеге асырады, ол Басқармаға жүктелген міндеттерді орындау және өз өкілеттіктерін жүзеге асыруы үшін дербес жауапты болады.

16. Басқарма басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалады және қызметтен босатылады.

17. Басқарма басшысының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын орынбасарлары болады.

18. Басқарма басшысының өкілеттіктері:

1) Басқарманың жұмысын ұйымдастырады және басқарады және Басқармаға жүктелген міндеттердің орындалуына және оның өз функцияларын жүзеге асыруына дербес жауапкершілікте болады;

2) өз орынбасарларының және Басқарма бөлімдері басшыларының міндеттері мен өкілеттіктерін белгілейді;

3) Басқармада сыбайлас жемқорлық сипатындағы құқық бұзушылықтарға қарсы іс-қимыл бойынша шараларды қарастырып, осы шаралар үшін дербес жауапты болады;

4) Басқарма қызметкерлерін заңнамаға сәйкес қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

5) заңнамада белгіленген тәртіпте Басқарма қызметкерлеріне тәртіптік жаза қолданады;

6) Басқарманың құрылымын және Басқарманың бөлімдері туралы ережелерді бекітеді;

7) мемлекеттік органдарда, өзге де ұйымдарда Басқарма атынан өкілдік етеді;

8) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады;

Басқарма басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін оны қолданыстағы заңнамаға сәйкес алмастыратын тұлға орындайды.

19. Басшы өз орынбасарларының өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес белгілейді.

4-тарау. Басқарманың мүлкі

20. Басқарманың заңнамада көзделген жағдайларда оралымды басқару құқығында оқшауланған мүлкі болады.

Басқарманың мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметінің нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

21. Басқармаға бекітіліп берілген мүлік коммуналдық меншікке жатады.

22. Егер заңнамада өзгеше белгіленбесе, Басқарманың өзіне бекітіліп берілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне берілген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетінше иеліктен шығару немесе оған өзгеше тәсілмен билік ету құқығы жоқ.

5-тарау. Басқарманы қайта ұйымдастыру және тарату

23. Басқарманы қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Басқарма қарамағындағы ұйымдар:

1) Алматы қаласы Білім басқармасының "№ 14 жалпы білім беретін мектеп" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

2) Алматы қаласы Білім басқармасының "№ 26 жалпы білім беретін мектеп" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

3) Алматы қаласы Білім басқармасының "Абдолла Қарсақбаев атындағы № 41 жалпы білім беретін мектеп" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

4) Алматы қаласы Білім басқармасының "№ 82 жалпы білім беретін мектеп" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

5) Алматы қаласы Білім басқармасының "№ 91 жалпы білім беретін мектеп" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

- 6) Алматы қаласы Білім басқармасының "№ 114 жалпы білім беретін мектеп" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 7) Алматы қаласы Білім басқармасының "№ 149 жалпы білім беретін мектеп" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 8) Алматы қаласы Білім басқармасының "М. Хамраев атындағы № 150 жалпы білім беретін мектеп" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 9) Алматы қаласы Білім басқармасының "№ 151 жалпы білім беретін мектеп" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 10) Алматы қаласы Білім басқармасының "№ 152 жалпы білім беретін мектеп" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 11) Алматы қаласы Білім басқармасының "Иштван Қоңыр Мандоки атындағы № 154 жалпы білім беретін мектеп" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 12) Алматы қаласы Білім басқармасының "№ 156 жалпы білім беретін мектеп" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 13) Алматы қаласы Білім басқармасының "№ 160 жалпы білім беретін мектеп" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 14) Алматы қаласы Білім басқармасының "№ 164 жалпы білім беретін мектеп" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 15) Алматы қаласы Білім басқармасының "№ 166 лицей" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 16) Алматы қаласы Білім басқармасының "№ 169 мектеп-лицей" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 17) Алматы қаласы Білім басқармасының "№ 171 жалпы білім беретін мектеп" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 18) Алматы қаласы Білім басқармасының "№ 8 мектеп-лицей" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 19) Алматы қаласы Білім басқармасының "№ 15 гимназия" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 20) Алматы қаласы Білім басқармасының "Ә. Шәріпов атындағы № 16 жалпы білім беретін мектеп" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 21) Алматы қаласы Білім басқармасының "№ 18 гимназия" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 22) Алматы қаласы Білім басқармасының "№ 24 лицей" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 23) Алматы қаласы Білім басқармасының "Ілияс Есенберлин атындағы № 25 гимназия" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 24) Алматы қаласы Білім басқармасының "№ 34 гимназия" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

- 25) Алматы қаласы Білім басқармасының "Б. Атыханұлы атындағы № 36 гимназия" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 26) Алматы қаласы Білім басқармасының "Сұлтан-Ахмет Қожықов атындағы № 39 лицей" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 27) Алматы қаласы Білім басқармасының "№ 46 гимназия" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 28) Алматы қаласы Білім басқармасының "И.В. Панфилов атындағы № 54 Қазақстан-Ресей мектеп-гимназия" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 29) Алматы қаласы Білім басқармасының "№ 55 жалпы білім беретін мектеп" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 30) Алматы қаласы Білім басқармасының "№ 58 жалпы білім беретін мектеп" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 31) Алматы қаласы Білім басқармасының "Ш. Смаханұлы атындағы № 62 гимназия" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 32) Алматы қаласы Білім басқармасының "№ 67 жалпы білім беретін мектеп" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 33) Алматы қаласы Білім басқармасының "Шәкәрім Құдайбердіұлы атындағы № 75 жалпы білім беретін мектеп" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 34) Алматы қаласы Білім басқармасының "№ 79 гимназия" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 35) Алматы қаласы Білім басқармасының "№ 90 мектеп-лицей" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 36) Алматы қаласы Білім басқармасының "№ 95 жалпы білім беретін мектеп" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 37) Алматы қаласы Білім басқармасының "№ 96 жалпы білім беретін мектеп" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 38) Алматы қаласы Білім басқармасының "Мәжит Бегалин атындағы № 120 гимназия" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 39) Алматы қаласы Білім басқармасының "№ 124 жалпы білім беретін мектеп" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 40) Алматы қаласы Білім басқармасының "М. Әуезов атындағы № 128 жалпы білім беретін мектеп" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 41) Алматы қаласы Білім басқармасының "№ 134 лицей" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 42) Алматы қаласы Білім басқармасының "№ 135 жалпы білім беретін мектеп" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 43) Алматы қаласы Білім басқармасының "М. Дулатов атындағы № 136 мектеп - гимназиясы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі; 44) Алматы қаласы Білім басқармасының "№ 144 мектеп-гимназия" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

- 45) Алматы қаласы Білім басқармасының "№ 147 гимназия" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 46) Алматы қаласы Білім басқармасының "№ 167 жалпы білім беретін мектеп" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 47) Алматы қаласы Білім басқармасының "№ 1 мектеп-гимназия" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 48) Алматы қаласы Білім басқармасының "№ 5 мектеп-гимназия" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 49) Алматы қаласы Білім басқармасының "№ 6 мектеп-гимназия" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 50) Алматы қаласы Білім басқармасының "№ 9 жалпы білім беретін мектеп" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 51) Алматы қаласы Білім басқармасының "№ 13 мектеп-гимназия" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 52) Алматы қаласы Білім басқармасының "№ 27 гимназия" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 53) Алматы қаласы Білім басқармасының "№ 42 жалпы білім беретін мектеп" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 54) Алматы қаласы Білім басқармасының "№ 72 жалпы білім беретін мектеп" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 55) Алматы қаласы Білім басқармасының "Ғ. Мүсірепов атындағы № 86 мектеп-гимназия" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 56) Алматы қаласы Білім басқармасының "№ 97 жалпы білім беретін мектеп" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 57) Алматы қаласы Білім басқармасының "№ 104 жалпы білім беретін мектеп" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 58) Алматы қаласы Білім басқармасының "№ 111 гимназия" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 59) Алматы қаласы Білім басқармасының "№ 113 мектеп-гимназия" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 60) Алматы қаласы Білім басқармасының "№ 116 жалпы білім беретін мектеп" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 61) Алматы қаласы Білім басқармасының "№ 117 жалпы білім беретін мектеп" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 62) Алматы қаласы Білім басқармасының "№ 119 мектеп-лицей" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 63) Алматы қаласы Білім басқармасының "№ 121 жалпы білім беретін мектеп" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

- 64) Алматы қаласы Білім басқармасының "№ 122 мектеп-гимназия" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 65) Алматы қаласы Білім басқармасының "Қожа Ахмет Яссауи атындағы № 123 мектеп-гимназия" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 66) Алматы қаласы Білім басқармасының "№ 126 мектеп-лицей" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 67) Алматы қаласы Білім басқармасының "№ 127 жалпы білім беретін мектеп" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 68) Алматы қаласы Білім басқармасының "І. Жансүгіров атындағы № 130 гимназия" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 69) Алматы қаласы Білім басқармасының "№ 132 гимназия" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 70) Алматы қаласы Білім басқармасының "№ 133 жалпы білім беретін мектеп" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 71) Алматы қаласы Білім басқармасының "А. Байтұрсынов атындағы № 139 мектеп-гимназия" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 72) Алматы қаласы Білім басқармасының "№ 141 жалпы білім беретін мектеп" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 73) Алматы қаласы Білім басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы "А. Розыбакиев атындағы № 153 мектеп-гимназия" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны;
- 74) Алматы қаласы Білім басқармасының "№ 155 жалпы білім беретін мектеп" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 75) Алматы қаласы Білім басқармасының "№ 157 жалпы білім беретін мектеп" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 76) Алматы қаласы Білім басқармасының "№ 158 жалпы білім беретін мектеп" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 77) Алматы қаласы Білім басқармасының "№ 173 мектеп-лицей" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 78) Алматы қаласы Білім басқармасының "Жаңа Ғасыр № 175 гимназия" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 79) Алматы қаласы Білім басқармасының "№ 176 мектеп-гимназия" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 80) Алматы қаласы Білім басқармасының "№ 15 мектеп-интернат" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 81) Алматы қаласы Білім басқармасының "№ 10 жалпы білім беретін мектеп" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 82) Алматы қаласы Білім басқармасының "№ 21 гимназия" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

- 83) Алматы қаласы Білім басқармасының "№ 22 мектеп-гимназия" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 84) Алматы қаласы Білім басқармасының "№ 23 мектеп-гимназия" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 85) Алматы қаласы Білім басқармасының "№ 37 жалпы білім беретін мектеп" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 86) Алматы қаласы Білім басқармасының "М.В. Ломоносов атындағы № 38 Қазақстан-Ресей гимназиясы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 87) Алматы қаласы Білім басқармасының "№ 40 жалпы білім беретін мектеп" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 88) Алматы қаласы Білім басқармасының "№ 45 жалпы білім беретін мектеп" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 89) Алматы қаласы Білім басқармасының "№ 51 мектеп-гимназия" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 90) Алматы қаласы Білім басқармасының "№ 60 гимназия" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 91) Алматы қаласы Білім басқармасының "№ 63 жалпы білім беретін мектеп" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 92) Алматы қаласы Білім басқармасының "№ 65 жалпы білім беретін мектеп" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 93) Алматы қаласы Білім басқармасының "№ 68 мектеп-гимназия" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 94) Алматы қаласы Білім басқармасының "№ 69 жалпы білім беретін мектеп" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 95) Алматы қаласы Білім басқармасының "№ 70 жалпы білім беретін мектеп" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 96) Алматы қаласы Білім басқармасының "№ 73 мектеп-гимназия" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 97) Алматы қаласы Білім басқармасының "№ 81 мектеп-гимназия" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 98) Алматы қаласы Білім басқармасының "№ 88 жалпы білім беретін мектеп" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 99) Алматы қаласы Білім басқармасының "Махатма Ганди атындағы № 92 мамандандырылған лицей" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 100) Алматы қаласы Білім басқармасының "№ 93 жалпы білім беретін мектеп" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 101) Алматы қаласы Білім басқармасының "№ 94 мектеп-гимназия" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

- 102) Алматы қаласы Білім басқармасының "Ораз Жандосов атындағы № 105 гимназия" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 103) Алматы қаласы Білім басқармасының "№ 125 жалпы білім беретін мектеп" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 104) Алматы қаласы Білім басқармасының "М. Базарбаев атындағы № 138 гимназия" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 105) Алматы қаласы Білім басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы "М. Мақатаев атындағы № 140 мектеп-гимназия" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны;
- 106) Алматы қаласы Білім басқармасының "Әл-Фараби атындағы № 145 жалпы білім беретін мектеп" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 107) Алматы қаласы Білім басқармасының "№ 146 мектеп-лицей" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 108) Алматы қаласы Білім басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы "№ 165 мамандандырылған мектеп-лицей" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны;
- 109) Алматы қаласы Білім басқармасының "№ 2 жалпы білім беретін мектеп" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 110) Алматы қаласы Білім басқармасының "№ 3 жалпы білім беретін мектеп" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 111) Алматы қаласы Білім басқармасының "№ 43 жалпы білім беретін мектеп" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 112) Алматы қаласы Білім басқармасының "№ 57 жалпы білім беретін мектеп" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 113) Алматы қаласы Білім басқармасының "№ 66 жалпы білім беретін мектеп" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 114) Алматы қаласы Білім басқармасының "№ 80 жалпы білім беретін мектеп" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 115) Алматы қаласы Білім басқармасының "№ 87 жалпы білім беретін мектеп" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 116) Алматы қаласы Білім басқармасының "№ 101 мектеп-гимназия" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 117) Алматы қаласы Білім басқармасының "№ 102 жалпы білім беретін мектеп" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 118) Алматы қаласы Білім басқармасының "№ 103 мектеп-гимназия" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 119) Алматы қаласы Білім басқармасының "№ 108 жалпы білім беретін мектеп" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 120) Алматы қаласы Білім басқармасының "№ 109 жалпы білім беретін мектеп" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

- 121) Алматы қаласы Білім басқармасының "№ 110 мектеп-гимназия" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 122) Алматы қаласы Білім басқармасының "№ 112 жалпы білім беретін мектеп" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 123) Алматы қаласы Білім басқармасының "№ 118 мектеп-гимназия" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 124) Алматы қаласы Білім басқармасының "№ 129 жалпы білім беретін мектеп" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 125) Алматы қаласы Білім басқармасының "М. Жұмабаев атындағы № 137 жалпы білім беретін мектеп" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 126) Алматы қаласы Білім басқармасының "Сүйінбай атындағы № 143 жалпы білім беретін мектеп" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 127) Алматы қаласы Білім басқармасының "№ 148 мектеп-гимназия" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 128) Алматы қаласы Білім басқармасының "№ 174 негізгі орта мектеп" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 129) Алматы қаласы Білім басқармасының "№ 177 жалпы білім беретін мектеп" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 130) Алматы қаласы Білім басқармасының "А.С. Пушкин атындағы № 4 гимназия" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 131) Алматы қаласы Білім басқармасының "№ 7 жалпы білім беретін мектеп" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 132) Алматы қаласы Білім басқармасының "Ш. Уәлиханов атындағы № 12 гимназия" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 133) Алматы қаласы Білім басқармасының "№ 19 жалпы білім беретін мектеп" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 134) Алматы қаласы Білім басқармасының "М. Мәметова атындағы № 28 лицей" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 135) Алматы қаласы Білім басқармасының "№ 29 жалпы білім беретін мектеп" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 136) Алматы қаласы Білім басқармасының "Д. Снегин атындағы № 30 мектеп-гимназия" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 137) Алматы қаласы Білім басқармасының "№ 33 мектеп-лицей" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 138) Алматы қаласы Білім басқармасының "№ 35 гимназия" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 139) Алматы қаласы Білім басқармасының "№ 47 жалпы білім беретін мектеп" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

- 140) Алматы қаласы Білім басқармасының "№ 48 мектеп-лицей" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
